**Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 11 шілдедегі № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 шілдеде № 19021 болып тіркелді.

"Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.09.2025 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса берілген Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияның есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Арнайы экономикалық аймақтың басқару органының есептілікті ұсыну қағидалары мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 21 қыркүйектегі № 334 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7207 болып тіркелген 2011 жылы 18 қазанда "Егемен Қазақстан" газеттерінде № 501-502 (26894) жарияланған);

2) "Арнайы экономикалық аймақтың басқару органының есептілікті ұсыну қағидасын және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 21 қыркүйектегі № 334 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1292 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2016 жылы 2 ақпанда № 12980 болып тіркелген, 2016 жылы 12 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі* *Р. Скляр*

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының 2019
жылғы 11 шілдедегі
№ 500 бұйрығымен
бекітілген

## Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2022 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды басқарушы компанияның есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды басқарушы компанияның есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы экономикалық аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының дәл белгіленген шекаралары бар, басым қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын бір бөлігі;

2) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы – арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" және "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

3) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын және арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға.

Бұл ретте:

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушыларына осы арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тыс жерде басым қызмет түрлерін жүзеге асыруға жол беріледі;

шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары ретінде көрсетілген арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер әрекет ете алады;

4) бірыңғай үйлестіру орталығы – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады;

5) индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

6) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

7) индустриялық аймақтың қатысушысы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асыратын, олармен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан дара кәсіпкер, заңды тұлға;

8) уәкілетті орган – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## 2-тарау. Есептілікті ұсыну қағидалары

2. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясы есептілікті уәкілетті органға және Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бойынша Бірыңғай үйлестіру орталығына мемлекеттік және орыс тілдерінде EXCEL нысанында арнайы экономикалық аймақтар үшін есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірден кешіктірілмейтін мерзімде, индустриялық аймақтар үшін есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күніне қарай ұсынады.

3. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы есептілікке арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының басшысы, ал ол болмаған жағдайда - осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды. Қағаз тасымалдағыштағы есептілікті ресімдеу басқарушы компанияда электрондық құжат айналымы жүйесі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Электрондық нысанда есептілік ұсынылатын деректердің құпиялылығын және криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілді жеткізудің көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

5. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен анықтығын, сондай-ақ электрондық форматта ұсынылатын деректердің қағаз жеткізгіштегі деректермен сәйкестігін арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының басшысы, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға қамтамасыз етеді және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға қатысушылар ұсынған қызметінің қорытындылары бойынша ресми деректерге негізделеді.

Арнайы экономикалық және<br>индустриялық аймақтардың<br>басқарушы компаниясы<br>ұсынатын есептілікті<br>ұсыну қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 26.09.2025 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан, әкімшілік деректерді жинауға арналған форма

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне және Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды үйлестіру жөніндегі бірыңғай орталық.

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz/memleket/entities/mps.

Әкімшілік нысанның атауы: Бірыңғай индустрияландыру картасының жобалары туралы ақпарат.

Әкімшілік деректерді тегін жинауға арналған нысанның индексі (форма атауының қысқа әріптік-цифрлық көрінісі): ИПЕКИ-1.

Мерзімділігі: арнайы экономикалық аймақтар үшін – жыл сайын; индустриялық аймақтар үшін – тоқсан сайын;

Есепті кезең: _________20 жылғы жағдай бойынша;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсынатын тұлғалар тобы:

"Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды тегін тапсыру мерзімі:

– арнайы экономикалық аймақтар үшін – есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей жыл сайын;

– индустриялық аймақтар үшін – есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күніне дейін тоқсан сайын.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

(деректер жеке тұлғалармен немесе жинақталған түрде ұсынылса толтырылмайды)

Жинау әдісі: электрондық түрде

Нысан 1

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметінің нәтижелері туралы есеп

| Атауы (АЭА/ИА) (қызмет ету жылдары) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1№ | Негізгі көрсеткіштер | бірінші жыл* | екінші жыл | үшінші жыл | … | ағымдағы жыл (1-тоқсан) | ағымдағы жыл (2-тоқсан) | ағымдағы жыл (3-тоқсан) | ағымдағы жыл (4-тоқсан) | барлық жылдар бойынша |
| 11 | Жобаларға қатысушылардың нақты салған инвестиция көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 22 | Тікелей шетелдік инвестициялар | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 33 | Өнім мен қызмет көрсету өндірісінің көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 44 | Салықтық төлемдер көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 55 | Алынған салықтық преференциялар көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 66 | Алынған кедендік преференциялар көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 77 | Өнім экспортының көлемі (миллиард теңге) | | | | | | | | | |
| 88 | Тұрақты жұмыс орындары (басқарушы компания қызметкерлерін | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қоса алғанда) | | | | | | | | | толтырылмайды |

*АЭА/ИА құрылғаннан бері (жыл сайын көрсетіледі)

Нысан 2

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жобалары

| № | | АЭА/ИА атауы | АЭА қатысушысының немесе бейіндік емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның атауы | Жобаның атауы | Өндірілетін өнім | | | Сала | ЭҚТӨЖ коды (2 таңбалы деңгейде) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Өнімнің атауы | СЭҚ ТН коды (10 таңбалы деңгейде) | МСТ коды (9 таңбалы деңгейде) | | |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Кестенің жалғасы

| Кәсіпкерлік субъектісінің санаты (микро, шағын, орта, ірі) | Жер учаскесінің ауданы, га | Жер учаскесін мемлекеттік акт бойынша алу күні | Мемлекеттік акт бойынша берілген мерзімі | Жобаның құны, млрд теңге | Нақты салынған қаражат көлемі, млрд теңге | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Бірінші жыл | Бірінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл | Барлық кезең |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

Кестенің жалғасы

| СЭА қатысушысының жарғылық капиталындағы шетелдік қатысу (бар болған жағдайда) | | | | | | | | | Жобаның қуаттылығы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ел | Шетелдік қатысушы компанияның атауы | Үлесі, % | Нақты салынған шетелдік қаражат көлемі, млрд теңге | | | | | | | |
| | | | Бірінші жыл | Екінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл | Барлық кезең | Натуралды түрде | Құндық түрде (млрд теңге) |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

Кестенің жалғасы

| Өнім номенклатурасы бөлінісінде өндірілген өнім көлемі, млрд теңге | | | | | | Өнім номенклатурасы бөлінісінде экспорт көлемі, млрд теңге | | | | | | Экспортталатын елдер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бірінші жыл | Екінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл | Барлық кезең | Бірінші жыл | Екінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл | Барлық кезең | |
| 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 | 39 | 40 | 41 | 42 | 43 | 44 |

Кестенің жалғасы

| Тұрақты жұмыс орындары, бірлік | Пайдалануға беру күні | | Салықтық төлемдер, млрд теңге | | | | | | Ағымдағы мәртебесі | Байланыс ақпараты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ай | Жыл | Бірінші жыл | Екінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл | Барлық кезең | | |
| 45 | 46 | 47 | 48 | 49 | 50 | 51 | 52 | 53 | 54 | 55 |

Нысан 3

Инфрақұрылым

| № | АЭА/ИА атауы (нысан) | АЭА/ИА инфрақұрылымын салудың жалпы құны, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша, миллиард теңге | Бөлінген қаражат, миллиард теңге | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бірінші жыл | Екінші жыл | Үшінші жыл | … | Ағымдағы жыл (1 - тоқсан) | Ағымдағы жыл (2 - тоқсан) | Ағымдағы жыл (3 - тоқсан) | Ағымдағы жыл (4 - тоқсан) | Барлық жылдар бойынша* |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

1. Кестенің жалғасы

| Игерілген қаражат, миллиард теңге | Игерілмеу себептері | Инфрақұрылымның аяқталу деңгейі (%) | Қосымша қаржыландыру қажеттілігі, миллиард теңге | | | | | | | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ағымдағы жыл | Келесі жыл | Келесі жыл | Келесі жыл | Келесі жыл | Келесі жыл | Келесі жыл | |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |

2. 2) АЭА/ИА инфрақұрылымдық объектілерінің қуаттылықтары бойынша жалпы ақпарат

| Инфрақұрылым объектілері | | Өлшем бірлігі | АЭА/ИА қуаттылықтары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қолданыстағы* | Тұтынылатын** | Бос *** | Жоспарланған**** |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Суымен қамтамасыз ету, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | сағатындағы текше метр | | | | |
| 11 | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Кәріз жүйесі, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | ағатындағы текше метр | | | | |
| 11 | | | | | | |
| Электрмен қамтамасыз ету, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | Мегаватт | | | | |
| 11 | | | | | | |
| Жылумен қамтамасыз ету, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | сағатындағы гигакалория | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Газбен қамтамасыз ету, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | сағатындағы текше метр | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Бумен қамтамасыз ету, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | сағатындағы гигакалория | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Телефон байланысы, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | желілер | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Интернет, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | секундына мегабит | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Қатты қалдықтарды кәдеге жарату, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | тәулігіне тонна | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Сұйық қалдықтарды кәдеге жарату, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | тәулігіне тонна | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Жалғастырғыш теміржол жолы, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | километр | | | | |
| 1 | | | | | | |
| Автомобиль жолдары, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері: | | километр | | | | |
| 1 | Ішкі автомобиль жолы | | | | | |
| 2 | Жетекші автомобиль жолы | | | | | |
| 3 | | | | | | |

| | |
|---|---|
| ** | Ағымдағы қатысушылар мен әкімшілік объектілер тұтынатын қуаттылықтар |
| *** | АЭА/ИА жаңа қатысушылары үшін қолжетімді бос қуаттылықтар |
| **** | АЭА/ИА аумағында құрылуы жоспарланған қуаттылықтар (қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңа объектілер салу) |

3. 3) Коммуналдық қызметтердің құны

| № | Коммуналдық қызмет | Өлшем бірлігі | Құны, теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Сумен қамтамасыз ету | текше метр | |
| | Жылумен қамтамасыз ету | сағатындағы гигакалория | |
| 3 | Электрмен қамтамасыз ету | киловатт | |
| 4 | Кәріз жүйесі | сағатындағы текше метр | |
| 5 | Газбен қамтамасыз ету | сағатындағы текше метр | |

4. 4) Инфрақұрылым объектілеріне қажеттілік

| № | Инфрақұрылым объектілеріне қажеттілік | Қуаттылығы | Қажеттілік, млрд теңге |
|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 |
| Негізгі инфрақұрылым объектілері (бірінші қажеттілік) | | | |
| 1 | | | |
| .. | | | |
| Қосымша инфрақұрылым объектілері | | | |
| 1 | | | |
| .. | | | |

Нысан 4.

Жер учаскелері

1) Бөлу аумағы

| | Алаңы (гектар) | Ескертпе |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жалпы аумағы | | |
| Пайдалы алаң | | |
| Жобаларға бөлінген | | |
| Қолданыстағы жобалардың аумағы (жалпы) | | |
| Іске асырылу сатысындағы жобалардың аумағы (жалпы) | | |
| Инфрақұрылымға бөлінген | | |
| Салынған | | |
| Құрылыс кезеңінде | | |
| Еркін пайдалы | | |
| Инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген | | |
| Пайдасыз алаң | | |
| БАРЛЫҒЫ | | |
| 2) Қатысушыларға бөлінген пайдалы алаң | 3) Басқа аумақ бөлуі | |

| № | Қатысушының атауы | Ауданы (гектар) | Ескертпелер |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1<br>Өндірісті қолданыстағы қатысушылар бойынша<br>БАРЛЫҒЫ<br>Іске асыру сатысындағы қатысушылар бойынша (құрылыс)<br>ЖИЫНЫ<br>БАРЛЫҒЫ | № 2 Инфрақұрылым объектісінің атауы 3 Алып жатқан аумағы (гектар)<br>1 2<br>Пайдалану сатысында объектілер бойынша<br>БАРЛЫҒЫ:<br>Құрылыс кезеңінде объектілер бойынша<br>БАРЛЫҒЫ: Жүктеу | Ескерт<br>3<br>Жүктеу |

Нысан 5

Ел ішіндегі құн үлесі

| № | АЭА атауы | АЭА қатысушысының немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыратын тұлғаның атауы | Идентификаторлық нөмірі (БСН / ЖСН) | Сатып алу коды (0 – тауар, 1 – жұмыс, 2 – қызмет) | Сатып алынған ТҚҚ атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы | ЭҚЖС коды (4 таңбалық деңгейде) немесе СЭҚ ТН коды (6 таңбалық деңгейде) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Кестенің жалғасы

| Жеткізушінің атауы | Сатып алынған тауардың табиғи өлшемдегі көлемі | Шарт бойынша жалпы сома, теңге | "CT-KZ" сертификаты берілген тауар өндірушінің БСН/ЖСН | "CT-KZ" сертификатының № |
|---|---|---|---|---|
| 8 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Кестенің жалғасы

| "CT-KZ" сертификатының сериясы | "CT-KZ" сертификаты берілген күні (күн, ай, жыл) | "CT-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы ел ішіндегі құн үлесі, % | Жұмыста (қызметте) ел ішіндегі құн үлесі, % |
|---|---|---|---|
| 14 | 15 | 16 | 17 |

Телефон ________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы ________________________________

Орындаушы ____________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

________________________________________________ ______

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын тұлғалар үшін)________________________________________________________

Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған "Индустрияландырудың

бірыңғай картасы
жобалары туралы ақпарат"
нысанына қосымша

Өтеусіз негізде жиналатын әкімшілік деректерге арналған 1–5 нысандарды толтыру бойынша түсіндірме

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме өтеусіз негізде жиналатын әкімшілік деректерге арналған "Жер учаскелері" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыруға қойылатын бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары толтырады.

3. Толтырылған нысан арнайы экономикалық аймақтар бойынша жылына бір рет, индустриялық аймақтар бойынша тоқсан сайын ұсынылады.

4. Нысанға басқарушы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды, оның тегі мен атының бас әріптері, сондай-ақ толтырылған күні көрсетіледі.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Нысан 1. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жалпы көрсеткіштері (АЭА/ИА)**

1. 1-графада реттік нөмір көрсетіледі;

2. 2-графада негізгі көрсеткіштер көрсетіледі (жобаларға қатысушылардың нақты салған инвестиция көлемі (млрд теңге), тікелей шетелдік инвестициялар көлемі (млрд теңге), өнім мен қызмет көрсету өндірісінің көлемі (млрд теңге), салықтық төлемдер көлемі (млрд теңге), алынған салықтық преференциялар көлемі, алынған кедендік преференциялар көлемі, өнім экспортының көлемі (млрд теңге), тұрақты жұмыс орындары (тұрақты жұмыс орындары көрсетіледі, басқарушы компания қызметкерлерін қоса алғанда. Аталған көрсеткіш — көрсеткіш толтырылмайды);

3. 3-графада негізгі көрсеткіштердің бірінші жылға арналған мәні көрсетіледі;

4. 4-графада негізгі көрсеткіштердің екінші жылға арналған мәні көрсетіледі;

5. 5-графада негізгі көрсеткіштердің үшінші жылға арналған мәні көрсетіледі;

6. 6-графада келесі жылдарға арналған негізгі көрсеткіштердің мәні көрсетіледі ( қажет болған жағдайда қосымша графалар жасалады);

7. 7-графада ағымдағы жылдың 1-тоқсаны бойынша негізгі көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

8. 8-графада ағымдағы жылдың 2-тоқсаны бойынша негізгі көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

9. 9-графада ағымдағы жылдың 3-тоқсаны бойынша негізгі көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

10. 10-графада ағымдағы жылдың 4-тоқсаны бойынша негізгі көрсеткіштердің мәні көрсетіледі;

11. 11-графада 3-графадан бастап барлық негізгі көрсеткіштердің мәндері қосылады
.

**Нысан 2. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жобалары**

1. 1-графада арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың реттік нөмірі көрсетіледі;

2. 2-графада арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың атауы көрсетіледі;

3. 3-графада АЭА қатысушысының немесе бейіндік емес қызмет түрін жүзеге асыратын тұлғаның атауы көрсетіледі;

4. 4-графада жобаның атауы көрсетіледі;

5. 5-графада өнімнің атауы көрсетіледі;

6. 6-графада СЭҚ ТН коды (10 таңбалы деңгейде) көрсетіледі;

7. 7-графада СКПП коды (9 таңбалы деңгейде) көрсетіледі;

8. 8-графада сала көрсетіледі;

9. 9-графада ЭҚТӨЖ коды (2 таңбалы деңгейде) көрсетіледі;

10. 10-графада кәсіпкерлік субъектісінің санаты (микро, шағын, орта, ірі) көрсетіледі;

11. 11-графада жер учаскесінің ауданы, га көрсетіледі;

12. 12-графада жер учаскесін мемлекеттік акт бойынша алу күні көрсетіледі;

13. 13-графада мемлекеттік акт бойынша берілген мерзімі көрсетіледі;

14. 14-графада жобаның құны, млрд теңге көрсетіледі;

15. 15-графада бірінші жылға нақты салынған қаражат көлемі, млрд теңге көрсетіледі;

16. 16-графада екінші жылға нақты салынған қаражат көлемі көрсетіледі;

17. 17-графада үшінші жылға нақты салынған қаражат көлемі көрсетіледі;

18. 18-графада келесі жылдарға нақты салынған қаражат көлемі көрсетіледі;

19. 19-графада ағымдағы жылға нақты салынған қаражат көлемі көрсетіледі;

20. 20-графада барлық кезең бойынша нақты салынған қаражаттың жиынтық сомасы көрсетіледі;

21. 21-графада АЭА қатысушысының жарғылық капиталындағы шетелдік қатысушы ел көрсетіледі (бар болған жағдайда);

22. 22-графада шетелдік қатысушы компанияның атауы көрсетіледі;

23. 23-графада үлесі, % көрсетіледі;

24. 24-графада бірінші жылға нақты салынған шетелдік қаражат көлемі көрсетіледі;

25. 25-графада екінші жылға нақты салынған шетелдік қаражат көлемі көрсетіледі;

26. 26-графада үшінші жылға нақты салынған шетелдік қаражат көлемі көрсетіледі;

27. 27-графада келесі жылдарға шетелдік салымдардың көлемі көрсетіледі;

28. 28-графада ағымдағы жылға нақты салынған шетелдік қаражат көлемі көрсетіледі;

29. 29-графада барлық кезең бойынша шетелдік салымдардың жиынтық сомасы көрсетіледі;

30. 30-графада жобаның табиғи түрде қуаттылығы көрсетіледі;

31. 31-графада жобаның құндық түрде қуаттылығы, млрд теңге көрсетіледі;

32. 32-графада бірінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

33. 33-графада екінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

34. 34-графада үшінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

35. 35-графада келесі жылдардағы өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

36. 36-графада ағымдағы жылдағы өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

37. 37-графада барлық кезең бойынша өнім номенклатурасы бойынша өндірілген өнім көлемінің жиынтық сомасы көрсетіледі;

38. 38-графада бірінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемі көрсетіледі;

39. 39-графада екінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемі көрсетіледі;

40. 40-графада үшінші жылдағы өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемі көрсетіледі;

41. 41-графада келесі жылдардағы өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемі көрсетіледі;

42. 42-графада ағымдағы жылдағы өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемі көрсетіледі;

43. 43-графада барлық кезең бойынша өнім номенклатурасы бойынша экспорт көлемінің жиынтық сомасы көрсетіледі;

44. 44-графада экспортталатын елдер көрсетіледі;

45. 45-графада тұрақты жұмыс орындары, бірлік көрсетіледі;

46. 46-графада пайдалануға беру айы көрсетіледі;

47. 47-графада пайдалануға беру жылы көрсетіледі;

48. 48-графада бірінші жылдағы салықтық төлемдер, млрд теңге көрсетіледі;

49. 49-графада екінші жылдағы салықтық төлемдер көрсетіледі;

50. 50-графада үшінші жылдағы салықтық төлемдер көрсетіледі;

51. 51-графада келесі жылдардағы салықтық төлемдер көрсетіледі;

52. 52-графада ағымдағы жылдағы салықтық төлемдер көрсетіледі;

53. 53-графада барлық кезең бойынша салықтық төлемдердің жиынтық сомасы көрсетіледі;

54. 54-графада ағымдағы мәртебе көрсетіледі;

55. 55-графада байланыс ақпараты көрсетіледі.

**Нысан 3. Инфрақұрылым**

1) АЭА/ИА инфрақұрылым нысандарын қаржыландыру

1. 1-графада АЭА/ИА нысанының атауы көрсетіледі;

2. 2-графада АЭА/ИА инфрақұрылымын салудың жалпы құны, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша, млрд теңге;

3. 3-графада бірінші жылға бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

4. 4-графада екінші жылға бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

5. 5-графада үшінші жылға бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

6. 6-графада келесі жылдарға бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

7. 7-графада ағымдағы жылдың 1-тоқсанына бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

8. 8-графада ағымдағы жылдың 2-тоқсанына бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

9. 9-графада ағымдағы жылдың 3-тоқсанына бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

10. 10-графада ағымдағы жылдың 4-тоқсанына бөлінген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

11. 11-графада барлық кезең бойынша бөлінген қаражаттың жиынтық сомасы, млрд теңге көрсетіледі;

12. 12-графада игерілген қаражат, млрд теңге көрсетіледі;

13. 13-графада игерілмеген қаражаттың себептері көрсетіледі;

14. 14-графада инфрақұрылымның аяқталу деңгейі (%) көрсетіледі;

15. 15-графада ағымдағы жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

16. 16-графада келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

17. 17-графада тағы бір келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

18. 18-графада тағы бір келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

19. 19-графада тағы бір келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

20. 20-графада тағы бір келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

21. 21-графада тағы бір келесі жылға қосымша қаржыландыру қажеттілігі, млрд теңге көрсетіледі;

22. 22-графада ескертпелер көрсетіледі.

2) АЭА/ИА инфрақұрылым нысандарының қуаттары бойынша жалпы мәліметтер

1. 1-графада инфрақұрылым нысанының атауы көрсетіледі (сумен жабдықтау, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, кәріз, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, электрмен жабдықтау, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, жылумен жабдықтау, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, газбен жабдықтау, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, бумен жабдықтау, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, телефон байланысы, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, интернет, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, қатты қалдықтарды кәдеге жарату, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, сұйық қалдықтарды кәдеге жарату, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, кіреберіс теміржол жолы, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, автожолдар, оның ішінде келесі инфрақұрылым объектілері, ішкі автомобиль жолы және жетекші автомобиль жолы);

2. 2-графада инфрақұрылым нысанының қуатын өлшеу бірлігі көрсетіледі ( сағатындағы текше метр, ағатындағы текше метр, мегаватт, сағатындағы гигакалория, сағатындағы текше метр, сағатындағы гигакалория, желілер, секундына мегабит, тәулігіне тонна, тәулігіне тонна, километр, километр);

3. 3-графада қолданыстағы қуаттар — АЭА/ИА аумағында нақты бар инфрақұрылым нысандарының қуаттары көрсетіледі;

4. 4-графада тұтынылатын қуаттар — қолданыстағы қатысушылар мен әкімшілік нысандар пайдаланатын қуаттар көрсетіледі;

5. 5-графада бос қуаттар — жаңа қатысушыларды қосу үшін қолжетімді инфрақұрылым нысандарының қуаттары көрсетіледі;

6. 6-графада жоспарланған қуаттар — АЭА/ИА аумағында құрылуы жоспарланған қуаттар (қолданыстағы нысандарды кеңейту немесе жаңа нысандарды салу) көрсетіледі
.

3) Коммуналдық қызметтердің құны

1. 1-графада коммуналдық қызметтің атауы көрсетіледі (Сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, электрмен қамтамасыз ету, кәріз жүйесі, газбен қамтамасыз ету);

2. 2-графада өлшем бірлігі көрсетіледі (текше метр, сағатындағы гигакалория, киловатт, сағатындағы текше метр);

3. 3-графада қызметтің бір өлшемінің құны теңгемен көрсетіледі (қолданыстағы тарифтерге сәйкес, ҚҚС-пен немесе ҚҚС-сыз — АЭА/ИА-да қабылданған тәртіпке сәйкес).

4) Инфрақұрылым нысандарына қажеттілік

1. 1-графада негізгі инфрақұрылым (бірінші кезектегі қажеттілік) немесе қосымша инфрақұрылым нысанының атауы көрсетіледі (мысалы, трансформаторлық қосалқы станция, электр беру желісі, қазандық, су құбыры, кәріз, автожол және т.б.);

2. 2-графада қажетті нысанның қуаттары көрсетіледі (тиісті өлшем бірліктерінде: сағатына текше метр, мегаватт, сағатына гигакалория, тәулігіне тонна, километр және т.б.);

3. 3-графада нысанды салуға немесе қайта жаңартуға қажетті қаржыландыру көлемі млрд теңгемен көрсетіледі.

**Нысан 4. Жер учаскелері**

1-бөлім "Аумақты бөлу":

1. 1-бағанда Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жалпы аумағы; пайдалы алаң; жобаларға бөлінген; қолданыстағы жобалардың аумағы (жалпы) , Іске асырылу сатысындағы жобалардың аумағы (жалпы), инфрақұрылымға бөлінген, салынған, құрылыс кезеңінде, еркін пайдалы, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, пайдасыз алаң; барлығы;

2. 2-бағанда гектармен көрсетілген алаң көрсетіледі;

3. 3-бағанда ескертпе көрсетіледі;

2-бөлім "Қатысушыларға бөлінген пайдалы алаң":

1. 1-бағанда қатысушының атауы көрсетіледі;

2. 2-бағанда гектармен көрсетілген ауданы көрсетіледі;

3. 3-бағанда ескертпе көрсетіледі;

3-бөлім "Басқа аумақ бөлуі":

1. 1-бағанда инфрақұрылым объектісінің атауы көрсетіледі;

2. 2-бағанда гектармен көрсетілген алынған аумағың көрсетіледі;

3. 3-бағанда ескертпе көрсетіледі.

**Нысан 5. Ел ішіндегі құн үлесі**

1. 1-графада — нөмірлеу көрсетіледі;

2. 2-графада — АЭА атауы көрсетіледі;

3. 3-графада — АЭА қатысушысының немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыратын тұлғаның атауы көрсетіледі;

4. 4-графада — сәйкестендіру нөмірі (БСН / ЖСН) көрсетіледі;

5. 5-графада — сатып алу коды (0 – тауар, 1 – жұмыс, 2 – қызмет) көрсетіледі;

6. 6-графада — сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы көрсетіледі;

7. 7-графада — ЭҚЖС коды (4 таңба деңгейінде) немесе СЭҚ ТН коды (6 таңба деңгейінде) көрсетіледі;

8. 8-графада — жеткізушінің атауы көрсетіледі;

9. 9-графада — сатып алынған тауардың табиғи өлшемдегі көлемі көрсетіледі;

10. 10-графада — шарт бойынша жалпы сома, теңгемен көрсетіледі;

11. 11-графада — "CT-KZ" сертификаты берілген тауар өндірушісінің БСН/ЖСН көрсетіледі;

12. 12-графада — "CT-KZ" сертификатының нөмірі көрсетіледі;

13. 13-графада — "CT-KZ" сертификатының сериясы көрсетіледі;

14. 14-графада — "CT-KZ" сертификаты берілген күні (күн, ай, жыл) көрсетіледі;

15. 15-графада — "CT-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы ел ішіндегі құн үлесі (%) көрсетіледі;

16. 16-графада — жұмыста (қызметте) ел ішіндегі құн үлесі (%) көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК